

«Food quality and food safety» (FQFS) (Тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі) Халықаралық ғылыми конференцияның материалдары 20-22 қыркүйек, 2023 = «Food quality and food safety» (FQFS)(Качество и безопасность продуктов питания) материалы международной научной конференции 20-22 сентября, 2023= «Food quality and food safety» (FQFS) materials of the international scientific conference 20-22 september,2023. – Астана: КАТИУ им. С. Сейфуллина, 2023. – Б.91-93

ӘОЖ 378:316.46(045)

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ МАҢЫЗДЫ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЗЕРТТЕЛУ МҮМКІНДІКТЕРІ

*Е.С. Ибышев, п.ғ.д., профессор,
М.Д. Есекешова, п.ғ.к., доцент,
Аманжол Р. Ү., 2- курс магистранты
С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті
Астана қ., Қазақстан*

Мақсаты

білім алушылардың кәсіби маңызды көшбасшылық қасиеттерін қалыптастырудың шарттарын белгілеп, теориялық тұрғыда негіздеу және тиімділігін айқындау.

Зерттеу нысаны мен әдістері

Зерттеу мәселесіне байланысты ғылыми-әдіснамалық, психологиялық және педагогикалық әдебиеттер мен тұжырымдамаларды теориялық тұрғыдан талдау, колледж білім алушыларының көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру үдеріс теориясы мен әдістемесі негізінде анықтау.

Нәтижелер

Зерттеудің мақсаты айқындалуымен, көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру мәселесінің әдіснамалық негізделуімен, зерттеудің жүйелі кадаммен жасалуымен, нәтижелерді сандық сапалық талдау жасаумен қамтамасыз етілген.

Қазіргі таңда елімізде әлеуметтік даму жағдайында қоғамға өз бетінше шешім қабылдай алатын, тапсырылған міндеттерге жауапкершілікпен қарайтын, құзыретті, белсенді, бәсекеге қабілетті, үздікмамандар қажет. Соңғы зерттеулерге сәйкес заман талабына сайтабысты көшбасшыларға сұраныс әдеуір артқаны байқалды.

Білім алушылардың кәсіби маңызды көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыруды теориялық мәнін айқындау және тиімділігін анықтау мақсатында алдымен «Көшбасшы деген кім?» деген сұраққа жауап іздеп көрейік. Көшбасшы – өте қысқа уақыт аралығында туындаған мәселенің

оңтайлы шешімін таба алатын адам. Көшбасшы қателіктен қорықпайтын, сәтсіздіктен сабақ алатын, кездейсоқ туындаған жағдайлардан, қарбалыстардан қабілетін шыңдай білетін тұлға. Әрбір жаңа жобаның ажырамас бөлігі саналатын сәтсіздіктердің өзі басшы үшін сындарлы тәжірбие болып есептеледі. Американдық жазушы Уоррен Беннистің пікірінше, табысты көшбасшы болып қалыптасу – ерік-жігердің айқын көрініс берер тұсы.

Отандық зерттеушілер көшбасшы ұғымы және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастырудың жолдары туралы келесі ғалымдардың еңбектерінде ұсынылған: К.Беркімбаев, Р.Кадирбаева, М.Сұлтанмұрат, Ж.Бураева [1], Ә.К.Әбділлаев, Б.М.Баймуханбетов [2], С.Бейсембаева[3], және т. б. Көптеген зерттеулерді талдау нәтижесінде басқару жүйесінде көшбасшылық қасиеттерді дамыту бойынша проблемалардың теориялық және әдістемелік дамуының жеткіліксіздігін, көшбасшылық қасиет адам бойында туа бітті кездесетін қабілет немесе уақыт өте қызмет болып тағайындалатын міндет пе тәрізді сұрақтардың жауабын еңбектерінде көрсетеді.

Көшбасшылық феномені туа бітті қабілет пе әлде тағайындалған қызмет пе? Бұл сұрақтың жауабын ежелден-ақ ғалымдар табуға тырысты. Көшбасшылық биологиялық жолмен атадан балаға берілген қасиеттен іздесек, небір ұлы көшбасшылар үлкен жетістікке тек еңбекпен, ізденіспен және машық арқылы қалыптасып жеткені анықталды. Көшбасшылық тағайындалған қызмет дегенге келетін болсақ, директорлар, завучтер, бөлім басшылары, менеджерлер, сынып жетекшілер және топ басшылар мұның барлығы қазіргі замандағы қоғамға қажетті білім беру мекемелеріндегі ресми түрде тағайындалған ұжымның басшылары. Ұжымда ресми басшы болып тағайындалу көшбасшы болды деген сөз емес, тек ресмилік тұрғысынан ғана. Басшы мен көшбасшы ұғымдары түбірлес болғанымен атқаратын қызметтерінде және ұжыммен ара-қатынасында елеулі айырмашылықтар бар. Басшының қызметі қандай? Басшы - белгілі бір мерзімге құрылған жоспарды уақытында орындап отыруын қадағалайтын, бұйрық бойынша әрекет ететін адам. Басшы қарым-қатынасы көбіне біржақты атқарушы билікке тікелей бағытталған, сондай-ақ ұжымдағы тұрақтылық пен тәртіпті қалыптастырады. Көшбасшының негізгі міндеті қандай? Көшбасшының ұжымдағы негізгі қызметі қарамағындағыларға үлгі-өнеге көрсететін, мақсат-міндеттерін айқындап, нәтижелі, табысты жұмыс жасауға тырысады. Көшбасшы болу міндетті түрде ресмилікті талап етпейді. Көшбасшы болып адам дүние есігін ашпайды, көшбасшы болу тәжірбие арқылы уақыт өте қалыптасады. Қандай да бір мекемені, бірлестікті, ұжымды мақсатты, жүйелі, қарқынды түрде басқару - күрделі процесс. Бірлестіктің жұмысының нәтижелі болуы көшбасшыға тікелей байланысты. Кез-келген ұжымда кездейсоқ келетін сынақтар мен күтпеген өзгерістерге көшбасшы әрдайым дайын болуы шарт. Мұндай тосыннан пайда болған қиындықтар көшбасшының бойындағы тұлғалық қасиеттерді шыңдайды.

Басқару процесі ғылым мен өнерді байланыстыратын тарихи процесс. Басқару – ұйым жұмысының арға қарай жылжуы және қарқынды түрде дамуы, еңбек өнімділігінің артуы, ұжымдағы мәселелердің тиімді шешілуі, тұрақтылық пен тәртіпті қалыптастыру процесі. Көшбасшылардың әр түрлі салаларға қажеттілігі жыл санап артып келуде. Басқару процесі түрлі салалардың зерттеу объектісі болғандықтан маңыздылығы сезіліп келеді. Батыс елдерінде басқару процесіндегі проблемаларды ондаған жылдар бойы зерттеу жалғасуда [4]. Қандай да бір мекемені, бірлестікті, ұжымды мақсатты, жүйелі, қарқынды түрде басқару - күрделі процесс. Бірлестіктің жұмысының нәтижелі болуы көшбасшыға тікелей байланысты. Кез-келген ұжымда кездейсоқ келетін сынақтар мен күтпеген өзгерістерге көшбасшы әрдайым дайын болуы шарт. Мұндай тосыннан пайда болған қиындықтар көшбасшының бойындағы тұлғалық қасиеттерді шындайды.

Американдық жазушы Дейл Карнеги «Көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру» технологиясын жасады [5]. Технологияда нағыз көшбасшы бойында қандай қасиеттер болуы қажет екендігін жете түсіндіреді. Көшбасшылық бойында болу керек бірден-бір қабілеттер: позитивті ораторлық, шешенділік өнері, шынайылық, шыншылдық және сенімділік деп атап көрсетеді. Карнеги технологиясы нағыз және табысты көшбасшы болуға арнайы қабілетті шыңдау арқылы жетуге негізделген.

Қазіргі уақытта ғылыми негізде көшбасшыларды даярлау бойынша көп бастап тұрған мемлекет АҚШ болып табылады. Жоғары білім беру саласы үшін көшбасшы мамандар даярлау ісінде үлкен педагогикалық тәжірибе жинақтады.

Айта кетерлік жайт, озық дамыған мемлекеттер білім беруде көшбасшы мамандарды дайындаудың моделі жасалған және тәжірибеде жүзеге асырылуда. Лейтерлік университет, (Ұлыбритания); Білім беру институты, (Будапешт, Венгрия); Монаш университетінің білім беру факультеті, Мельбурнда, (Австралия), Білім беру институты, (Торонто, Канада); Сингапурдың ұлттық университеті және т.б. Яғни осы секілді білім беру мекемелері арнайы форма, әдіс-тәсілдер, бағдарламалар жасақтап білім алушыларды бәсекеге қабілетті үздік мамандар дайындауда.

Қорыта айтқанда, көшбасшы және көшбасшылық қасиеттерді белсенді зерттеген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбертерін қарастып және теориялық тұрғыдан айқындауға тырыстық, еліміздегі колледж білім алушыларының көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыруда әлем ғалымдарының ғылыми теориялық еңбектерін тиімді пайдалану қажет деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 К.Беркімбаев Көшбасшылық теориясы [Текст]: оқу құралы / К.Беркімбаев, Р.Кадирбаева, М.Сұлтанмұрат, Ж.Бураева.- Шымкент, 2019. -204 б.
- 2 Ә.К.Әбділлаев Лидерлік теориясы [Текст]: оқу құралы/ Ә.К.Әбділлаев, Б.М.Баймуханбетов.- Түркістан, 2019.

3 С.Бейсембаева Теория лидерства [Текст]: учебное пособие.- Туркестан, 2020.

4 Мандель Б.Р. Сравнительная педагогика: история, теория, проблематика [Текст]: учебное пособие для обучающихся в магистратуре/ М.; Берлин: Директ-Медиа, 2016. – 573 с.

5 Дейл Карнеги Как влиять на людей и выработать уверенность в себе, выступая публично [Текст]: -Москва . Издательство АСТ, 2021. – 256 с.